

Атырау облысындағы өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 108 қаулысы

2018 жылғы 2 наурызда Атырау облысында өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Атырау облысындағы "PSI Stroy Industriya" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жатақханасында орын алған өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кірісіп, өрт себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету шараларын қабылдасын.

3. Комиссия басшысы Н.Б. Әлтаев өрт салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру нәтижесі мен қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б.Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2018 жылғы 3 наурыздағы

№108 қаулысына

қосымша

Атырау облысындағы "PSI Stroy Industriya" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жатақханасында орын алған өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Әлтаев Нұржан Бауыржанұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, басшы
Оспанқұлов Төлеген Қапарұлы	- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті төрағасының орынбасары - Министрліктің бас мемлекеттік еңбек инспекторы, басшының орынбасары
Нұрмағамбетов Талғат	

Қайырбекұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті төрағасының орынбасары
Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлы	- Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары
Өубәкіров Игілік Айдарұлы	- Атырау облысының мемлекеттік еңбек инспекция басқармасының басшысы
Біләлов Рашид Бекетұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Атырау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары
Аймурзиева Мәншүк Құдайбергенқызы	- Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы
Сейсенов Ернұр Төлеуғазыұлы	- "PSI Stroy Industriya" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
Сүлейменов Бейбіт Әкімұлы	- "PSI Stroy Industriya" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кәсіподақ комитетінің өкілі